

M.

i m c m x c m a c b i

----- - 4 8 . 8 J . I L J 8 8 .. 8 I ..

МҰҚАДЕС ЕСЛАМҒАЛИҰЛЫ



ҒҮМЫРНАМАЛАР
МЕН
ГИБРАТНАМАЛАР



Алматы
«Сөздік-Словарь»
2001

ББК 84 (5 Каз)

E 78

Есламғалиұлы М.

E 78

Ғұмырнамалар мен ғибратнамалар.— Алматы: «Сөздік-Словарь» баспасы, 2001.— 216 бет.

Белгілі жазушы, Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының лауреаты М. Есламғалиұлы — оннан астам көркем прозалық, кітаптың авторы. Сонымен бірге ол тарихи тақырыпта көптеген зерттеу мақалаларын жазып, респубикалық баспасөз бетінде жүйе көрінетін автор. Оның тарихи деректерімен құнды дег багаланған “Сан қылы саяул”, “Әйтеке би” кітаптары оқырмандарының жылы ықыласына бөлөнді.

Өздерінізге ұсынылып отырған жаңа кітабы екі бөлімнен тұрады. Алғашкы “Ғұмырнамалар” бөлімінде халқымыздың тарихында орасан із қалдыրған Бибарыс сұлтан, Жалаңтөс баһадүр, Әбілқайыр хан секілді ірі тұлғалардың бейнесін жаңа да тың деректермен толықтыра отырып, тартымды да еш күмәнсіз, нанымды баяндайды.

Ал, “Фибратнамалар” бөлімінде қазақ жұртының ұлылығы неде деңеген саяулға жауап беру мақсатында халқымыздың тарихи салт-дәстүрлерін нақты мысалдар арқылы жауап беруге тырысады. Бұган қоса, респубикалық газет-журналдарда жарық көріп, өмірдің өзекті проблемаларын көтерумен көпшілік арасында кең пікір туғызған бірнеше көсемсөзі енгізілді.

ISBN 5-7667-8682-4

**E 4702250200
438(05)-01**

ББК 84 (5 Каз)

ISBN 5-7667-8682-4

© Есламғалиұлы М., 2001
© «Сөздік-Словарь» баспасы, 2001

БІРІНШІ БӨЛІМ

ФҰМЫРНАМАЛАР

БИБАРЫС

Бір кезде қолында бұғау, аяғында кісен сүйреткен құлдың әлемге мәшінүр елдің әйгілі, қара қылды қақ жарған әмірші-сұлтаны болып, аты қалай аңызға айналғанын білгіңіз келсе, Бибaryстың өмір жолына үңілініз...

Бір кезде тұлдырысız жетім қалған мұндардың тенде-ссіз қолбасшы хақында тарихта қандай із қалдырганын танығыныз келсе, Бибaryстың тағдырын тануға тырысыңыз...

Тірі кезінің өзінде ғұмыры мен ісі аңызға айналып, уақыт керуені ілгері озған сайын жұмбағы жұмыр бағытында бірін таңдандыра тамсандырган осы бір жанның төңірегінде басқа түгіл өзі де тап басып жауап берे алмаған саудадар мен ахуалдар аз ұшыраспаған тәрізді. Қандай деймісіз?

Әке-шешесі кім?

Білмейді.

Ұлты кім?

Қаншама уақыт өзі де білмей жүргенге ұқсайды.

Кіндік қаны тамған атажұрты қайда?

Оны сұрамаса да болады.

Сонда не біледі?

Білетіні – өзі ойдан шығарып, өзіне қойған Бибaryс деген аты ғана...

Сосынғысы бұлдыр-салдыр бірденелер: бұтындағы тері жарғақтан басқа тұлдыр киімі жоқ, үстінен күн ісін аңқыған дәу бір еркектің соңынан “көкелеп” жүгіретін секілді еді... Сосын... Сосын бір күні айналасы жантүршіктірген зұлматка, айқай-сүрәнгеге толды да кетті. Жан-жағын лаулаган от-жалын ораганы есінде. Бір кезде өлгі “көкесінің” жаңында шырқырап, оны жүлкүлап жатқаны есінде... Сосын бір кезде бейтанис біреулердің алдында, ат үстінде кетіп бара жатып, босанып кетпекке жүлкүнып, шырқыраганы да есінде қалыпты.

Балалық, сәбілік шақ дегеннен білетіні осы ғана. Өйткені, онда балалық шақ деген болған емес. Көкжиектен күннің

қызыл шапағы білінер-білінбесте көзін тырнап ашқаннан қара кешкеke дейін мігір табу дегенді білмейтін. Тұрі бөтен, тілі басқа біреулер мұны аяқ-қолын жерге тигізбей дедектете жұмсайтын. Тілін ұқпағаны, ісін шала тыңдырғаны үшін есінен тандыра сабайтын. Көбіне жонын тілген қамшының не үшін сусылдағанын да біле бермейтін. Құдды, өзін бұл тірлікте тек осылай таяқ жеу үшін жаралған сезінетін. Ең басты қыындық бұл да емес: азаптың көкесін өр жаңа қожайынға ауысқанда көреді. “Салты басқа, иті қара қасқа” өр қожайынның тілін үйрену де аса қыынға соға бермейтін. Алайда, бабын табу – тірі жүріп, тамұқ отын кешумен барабарды. Талай тұндер есінен тана жеген таяқтан талықсып жатып та, бір ғажабы өзінің сәбилік кезіндегі бұлдыры-салдыры сөздері санасында сайрап сала беретін. Ондай сәтте өзімен-өзі “сөйлесіп” жататын.

Әлгідей ит тірлік кешіп, қожайыннан қожайынға ауысып жүрген де жалғыз өзі емес-ті. Жан-жақтан жиналған түрі басқа, тілі басқа, діні жат үлкенді-кішілер толып жататын. Қожайындарының күн ұзакқа жондарында ыскырған бишітерінен кейін, кешінде өмір мен өлім арпалысы басталады. Бір үзім нан үшін әлдінің әлсізді шыбын жанын шырқыратып өлтіре салуы – қас пен көздің арасында. Қожайындары кісі өлтіргенді де өлімші етіп жазалайды. Бірақ өлтірмейді: өйткені, оның әрқайсысын ақшаға сатып алды әрі ондай күшті құлдар қожайын үшін керек. Шамасы, Бибaryстың жасы бір мүшелден асқан кезі болуы керек: елден ерек тұлғаланып өсті. Бүкіл болмысынан арыстанның айбаты, жолбарыстың қайраты шиширышық атып тұрғандай еді. Міне, осы кезде оны қолаяғына кісен мен бұғау салып, теңізге әкелді. Өзі сиякты қолаяғы кісендеулі қырық құлды кеменің ескегіне отырғызды. Қалай қарай және қанша жұзгендерін тағы болжай алмады. Эйтеуір ұзак жұзген секілді. Бір күні теңіз жағасындағы айлаққа келіп токталы. Айлақта бұлардың ішінен он сегізін “көк етікті” Ығдан деген, Сороктың әміршісі сатып алды. Ол басқалардан әлдесқайда күшті, ер тұлғалы мұны сатып аларда көп саудаласты. Өйткені, мұның ерен қуаттылығына көnlі толғанмен, кішкентай күнінде үнемі жылаумен жүретіндіктен бір көзіне ақ түскен-ді. Ақыры, өзінің 800 дархам деген мөлшердегі ақшаға сатылғанын құлағы шалды. Бұл аз ба, көп

пе – шамасын ол кезде білмейтін. Ығдан бұларды аралдың бастығы “қызыл етікті” Құтыз дегеннің қолына әкеліп тапсырды. Ең үлкен бастық “қызыл етік” киген болатынын бұл сонда білді. Олар тенізben тағы ұзак жүріп отырып, Мысыр еліне жетті. Бұларды Әл-хахир (Каир) қаласынан бөлек жатқан Арапға алғып келді. Болашақ мамлюктерді қалада ұстамайтынын да бұл кейін түсінді. Мындық әмірші бұларды Мысыр елінің қарт әміршісі-сұлтаны құрд текті Салыққа табыстады. Сөйтіп, Арапда (Ніл өзеніндегі арал) үш жұз мамлюк ерекше қамқорлыққа алынып, соғыс өнеріне жаттықтырыла бастады. Әрине, бұрынғыдай ит тірліктерінен гөрі бір күн болса да, адам ғұрлы ғұмыр кешіп, қан майданда ереккүсан өлу бұлар үшін зор қуаныш, үлкен құрмет көрінді.

Мамлюктердің санында тек ишет елден сатылып әкелінген құлағы тесік құлдар ғана емес, ата-анасынан тым ерте айрылып, жат бауыр етілген жергілікті мысырлықтар да барды. Олардың бұларды арагідік (қыпшақтар) деп қалатынын да құлағы шалатын. Бұлар соғыс өнерін жандарын сала үйреніп бақтады. Олай ету – ерлікпен өлу ғана емес, ерлікпен әмір сұру де екенін үкти.

Бұл кемеге отырганда өзін басқаларға “ныспым – Бибaryс” деп таныстырыған. Арыстандай айбаты, жолбарыстай қайраты бар бұған ол ат шынында айбар беріп, басқалардың арасында мысын арттыра түсті. Өмір үшін арпалысқан теніз үстіндегі қырық құлдың жағаға жеткені – жиырмасы ғана. Оның ішіндегі ең күштісі де өзі еді. Мұның да жанында сол кезден бастап сенімді серіктеп болды. Өйткені, жалғыз жүріп қанша айлакер, мықтымын десен де, ұзакқа бармасың, биікке ұшпасың белгілі. Қөлдің батыратынын, көптің қорқытатынын, жалғыздың қанатын қырқа салу қаинан да қын шаруда еместігін оған әмір өзі ұқырыған-ды. Сондыктан жанында сенімді серік бол Шамурат, Тұрпан, Барат жүрді. Олар да қайрат десен қайраты бар, батыл да, кауіптің қашан, қайдан төнетінін күні бұрын сезетін ұғымтал жандар еді...

Арапдағы соғыс ісіне жаттығу кезі мұның өзгелер алдындағы беделінің нағыз шарықтаған шағы болды. Қайрат та, айлакерлік те, ақыл да жаттығу үстінде мұны өзгелерден айрықша даралап тұрды. Сөйтіп жүріп, ол Арап әміршісі

Айбектің Мысыр сұлтаны Салықты, Сороко әміршісі Ұғдынды мындық-әмірші Құтыздың жек көретінін аңғарды. Елдің бас сұлтаны Салық болғанмен, халықты оның ағайындары Аюби әулеті басқаратынын, ол Аюбидердің өзара аса тату еместігін және ағайындары арасында так үшін талас, бақастық барын әрі Франктермен үдайы соғысып отыратынын аңғарды. Ал мұсылмандар мен крест тағушылардың бір-біріне ата жаулық-пен қарайтынын, түбі негізгі соғыс осы екеуінің арасында болатынын түсіну үшін де аса зерделіліктің қажеті жоқ-ты.

Аралда бұларды тікелей Ұғдын басқарғанмен, көп кешікпей мамлуктер оны емес, мұны тыңдайтынды шығарды. Бұл жағдайды сауысқаннан сақ Құтыз анғарып қалды. Іле-шала ол мұны әуелі “бестік” басшы, сосын “ондық” басшысы етіп қойды. Сонын өзі жек көретін Ұғданның орнына тағайыннады. Ал Ұғданды үнемі өзінен алыс ұстаяу үшін шалғай жақтарға жұмсан жіберетін.

Ел ішіндегі алауызықты байқап, біліп отыратын, өздерін крест жорықшыларымыз деп санайтын IX Людвик бастаған франктер осы кезде Мысыр еліне шабуылды қүшайте бастады. Оларға карсы мысырлықтар мамлуктерді аттандырды. Олармен Әл-Мансүр деген жерде болған алғашқы соғыста Бибарыс ғажайып ерлігі, асқан айлакерлігі және соғыс барысында әскерді соңына ілестире алатын ақылдылығы мен беделділігін танытып, оның майдан үстіндегі қимылы көргендерді естерінен тандыра таңғалдырды.

Аяусыз айқас саны жағынан әлдекайда аз болса да, мамлуктердің женісмен аяқталды. Франктердің есінен тана женілгені сондай, жуық маңда Мысыр бағытына аяқ аттап баспады.

Осы женістен кейін Салық сұлтан Құтыз бен Бибарысты қайтып Аралға жібермеді. Әл-Қайыр (Каир) қаласында қалдырып, Бибарысты өзінің жеке қырық қорғауышының бастығы етіп қойды. Осы кезде Айбек пен Құтыздың қарт сұлтаниға деген іштей бақастығы әбден кордаланып алған-ды. Ақыры, Айбек пен Құтыз мұны жандарына қосып алу аркылы Салықты өлтіріп тынды. Бірақ таққа отырған Айбек құлық жасап, Салықты өлтірушілерді біртіндей көзін күрта бастады. Бибарыстың осы кезде уақытша бой тасалап, Сирия еліне кетуіне тұра келді. Фалым И.М.Филштенский қандай дерекке сүйенгені белгісіз, осы кезде Бибарыс Сирияда

оқып, өскери білім алған еді деп жазады. Күмәнді пікір... Олай дейтініміз, Бибарыс туралы өтті-кетті тарихта жазушылар өте көп. Мысалы, Бибарыстың хатшысы болған Мухии ад-дин Әбд аз-захир де, сәл кейінірек Әмір сұрген тарихшы-шежіреші әл-Макризи де, Ибн Тагрибердилер де, ағылшын тарихшысы Э.У.Лэйн мен осы заманғы классик жазушы Таха Хуссейн де, осы заманғы орыс тарихшылары Амин аль-Холи, Л.А.Семенова мен С.Закировтар оның оқып, арнаулы білім алғандығы жайында ләм-мим жақ ашпапты. Шынында, қашып-пысып, бой тасалап жүрген, әлі де құл атағы мойнынан түспеген Бибарысты тап сол қысқа мерзімде өскери оку жүйесінен білім алды деу ешбір кисынға сия қоймайды.

Сонымен, Мысыр тағына Айбек отырды дедік. Алайда, Айбек ел тағдырынан гөрі қарабасының жағдайын ойлаған құр кеуек жан болып шықты. Әсіресе, оның қатынжандылығы төңірегіндеғілердің зығырданын қайнатты. Ол Салық сұлтанның сұлу тоқалы әл-Дурро – Алтын Шадиярдың байы болудан әрі аса алмады. Ел құрт азды. Қала мен дала қайыршыларға толды. Ел ішіндегі бұрынғы тәртіп адыра калды. Әр Әмір ел басқаруда әр жаққа тартып, тіл табыспай жатты. Мұны бірі баю үшін істесе, екіншісі тақ үшін әдей істеді. Әсіресе, бұрын ел қорғауда негізгі тірек саналып, айрықша құрметтетелін мамлуктерді сыйлау біржолата ұмыттылды. Енді оларды сыйламақ өз алдына, кез келген жерде өлтіріп кететінді шығарды. Елде жұмыссыздар, қайыршылар, қарақшылар қаптады. Аштық жайлап, аурулар тарады. Осы сәтті күткен франктер қайта бас көтеріп, Мысыр еліне тағы көз алартынды шығарды. Ақыры, Құтыз Айбекті қапысын тауып өлтіріп тынды да, таққа өзі отырды. Әйел қызығынан басқаны қөрмеген Айбек оның өз іргесін қалай індетіп жатқанын үқлаған күйі мерт кетті.

Құтыз таққа отырысымен Сирияда жүрген Бибарысты шақыртып алып, франктерге қарсы соғыста өскер басқартты. Бибарыс крест тағушыларды тағы да масқарасын шығара жеңіп қайтты. Алайда, Құтыз Бибарыс пен Барагты Арадағы өскердің мыңбасы етіп тағайындал, өзінен алыс ұстады. Маңына жолатуға қарадай қорықты.

Бұл кезде жарты әлемді жамбасына басып үлгерген монғолдың қисапсыз өскері енді ат басын Мысырға бұрган-ды.

Әрі оларға Акры мен Антиохин франктері қосылып, одақта-
су қаупі төнді. Олай болған күнде Мысырға шын қауіш төнетіні
анық-ты. Мұны Құтыз жақсы түсінді әрі жауды бір тоқтат-
са, Бибaryстың ғана қолынан келетінін білді. Сейтіп, оны
Аралдан шақырып алып, тоғыз мың мамлюкті басқартып,
миснғолдарға қарсы аттандырды.

Бибaryс әуелі жол бойындағы франктерді монғолдарға
қол қоса алмайтын жағдайға жеткізіп, тас-талқан етті. Ал
монғолдармен Айн-Жулет түбінде 1260 жылы бетпе-бет
келді. Монғолдар бұлардан он-он екі есе көп-ті. Өлім де-
генге, кісі өлтіру дегенге келгендегі кірпік қақпай баратын
мамлюктерге енді “Отан” деген сөз семсер өтпес қалқан,
“намыс” деген сөз алмас алдаспан боп көмекке келді.
Сейтіп, олар “от теңізін кешіп өткен”, “топан судан жүзіп
өткен”, жүректерінің түгі бар, “болашақ жер-жиһанның
бileueушісі” деп саналған монғолдарды бірнеше күнге созы-
лған шайқастан кейін масқарасын шығарып жеңді. Бұдан
кейін монғолдар Мысыр еліне қарай көз салуды біржолата
тоқтатты. Мамлюктердің ғаламат ерлігі мен жанкиярлығы
ат аяғы жетер жерге аңыз бен ертегіге айналып, тарап жат-
ты. “Аралдық пен құлдар” жайында тамаша жырлар дүни-
еге келді. Ал Бибaryстың өзін халық “Женіс бабасы” деп
атады. Тарих бетіне де “Абдуль-Фатух – Женіс бабасы”
деп жазылып қалдырылды.

Алайда, тар маңдай Құтыз Бибaryстың қадірін білмеді. Білсе
де, сол қаһармандық атынан қаралай қорықты немесе бойын
қызғаныш оты шарпыды. Әйтеүір қалай болғанда да, қатардағы
мамлюктердің өзіне көл-көсір сый-сияпташ көрсетіліш жатқанда,
Бибaryсты мулдем елеусіз қалдырыды. Ол аз болса, оны өз са-
райына шақырып, ішінде қанжары уланған он екі қарақышызы-
на өлтіртпек ниет білдірді. Бибaryс қарақышыларды түп-түгел
қырып, Құтыздың өзін де шауып тастайды. Сейтіп, әмірлер де,
барша халық та қолдап, ол Мысыр елінің тарихындағы төртінші
сұлтан ретінде такқа отырады.

* * *

Бибaryстың таққа отырган кезі Мысыр елінің әбден
тұралап қалған шағы еді. “Арық атқа қамшы ауыр” демекші,
сол жылы жұт болып, егін де шықпай қалған. Қалаларға

қайыршылар сыймай кетті. Бибaryс бүкіл қайыршыларды жинаттырып, өзі бес жұзін, баласы Сайд-Беркеханаға бес жұзін, Балбақ секілді әміршілерінің әрқайсысына үш жұзден жөне ауқатты адамдарға тең бөліп, асырап шығуды мойындарына алады. Сөйтіп, көшелерде қайыр-садақа сұрап жүрген бірде-бір қайыршы қалмайды. Келесі жылы егін мол шығып, ел тоғаяды.

Халық жады – тарих. Халыққа жасаған жақсылық – елге, тарихқа жасалған игілік. Мұндай жақсылықты халық ешқашан ұмыт қылған емес. Ол таққа отырған он жеті жыл ішінде Мысыр елі ауқаттанып, қөркейіп сала берді. Сәнді үйлер мен мешіттер, медреселер, керуен сарайлар, көпірлер салынды. Су жүйелері түзеліп, жаңа арықтар казылды. Ең бастысы қарапайым халықтың тұрмысы жақсарды. Оның ұлылығы – қарапайым халық үніне құлақ аса алғандығында, халық әмірімен, тұрмысымен біте қайнаса алғандығында. Сонымен бірге ол ел қорғаны болған мамлюктерді ерекше қамқорлыққа алды. Оның тұсында мамлюктер ел әмірлері секілді қазынадан тамақтай, ақшалай қаржы алып тұрды. Бұған қоса, жылына бір рет, рамадан айында тегін киім-кешек бергізілді.

Бибaryс таққа отырған күннен бастап елдің флот жүйесін жетілдірді. Бұл сол кезде елдің сыртқы жаулардан қорғануы үшін ауадай қажет шаралардың бірі еді. Сонымен бірге қолға алғаш алған ісінің бірі – сот жүйесі. 1265 жылы Каирда бір-біріне тәуелсіз төрт судья тағайындалды. Тап осындаі сот жүйесі келесі жылы Дамаскіде құрылып, кейін елді мекендерде бөлімшелері ашылды. Бұл төрт жүйе – Шафийит, Ханбалит, Маликат, Ханифат деп аталды. Мұнда елдегі тұрлі ұлт өкілдерінің тұрмыс-салттық ерекшеліктері, әдет-ғұрыптары, тілі мен діні қатаң ескерілген-ди. Бір ғажабы – одан бері де сегіз ғасырға жуық өтсе де, Мысыр еліндегі сот жүйесіндегі осы Жарғы күні бүгінге дейін сақталып келе жатқандығы.

Ол тәж киісімен жорық жолдарын одан өрі жалғастыруға мәжбүр болды. Ең өүелі Мысыр елінің ежелгі жауы франктерден Цезар, Арсуф, Яффу және Антиохио секілді басты-басты деген оншакты қаласын тартып алды. Сосын Шығыска бет түзеп, монгол билігінде отырған Арменияның

Килекиуін, батысқа бет түзеп, Барку мен Ливияны қол астына қаратты. Ол бастаған мамлюктер бұдан кейін Оңтүстікке жорық жасап, Хиджаздың бай да киелі саналған қалаларын, Эфиопияны өздеріне бағынышты етті. Женісті жорықтардан түскен мол олжа Мысыр елінің одан әрі көркейе түсін жеделдегі. Халық сауаттанды, мәдени өрістері кеңейді. Жаппай құріш өсіру мен қолөнер қарыштай дамыды. Шет елдермен сауда айрықша жолға қойылды.

Бибaryстың сол кезде халықты таңғалдырган тағы бір қасиеті болды. Ол ауық-ауық, күн-түн демей, кейуана кейпінде ел аралап кететін. Сарай төңірегіндегілер мен Әмірлердің баянымен шектеліп қалмайтын. Сөйтіп, ел ішіндеңі жақсыны да, жаманды да өз көзімен көріп шығатын. Әлсіздерге зорлық көрсеткен жуандарды өз қолымен аяусыз жазалайтын. Сөйтіп, әділет үшін қолынан келгеннің бөрін істеп бақты.

Халық көзі – қашан да қырағы. Оның мұндай қасиеттерін байқаған халық жер бетіндегі мадақ сөзін аямады. Оны “Соғыс женімпазы”, “Дін көркі” деп, өулие тұтты. Ал жауынгерлігі, жүрек жұтқан батырлығы, данагей қолбасшылығы жөнінен бұл жалғанда оған тең келер жан бар деп те, болады деп те ол кезде ойлаған ешкім болған жоқ-ты. Шынында, халық оны нағыз өулие санатына қосты. Оның аузынан шыққан әр сөз ел ішінде қас-қағымда тарайтын. Оның әр түрған, әр отырған жері, ұстаған әр нәрсесі киелі деп танылды. Ол туралы тірі кезінде-ақ сан алуан аныз таратты. Оның атын әнге қосты. Қолына қалам ұстайтындардың баршасы дастандар, шежірелер жазды. Ол аз десеніз, оның атын Алламен қосып айтатын-ды. Сол кездегі тарихшы-шежірешілердің айтуынша, Бибaryс бейнесі “Мың бір тұн” хикаясындағы халықтың сүйікті қаһармандарынан да асып түсті делінеді.

Жоғарыда мәлімдегеніміздей, Бибaryс көптеген шет аймақтарға женісті жорықтар жасады. Ондай женісті жорықтарда женімпаз жақтың мол қазына, байлыққа шаш етектен бататыны белгілі. Сол кездің шежіреші, тарихшыларының баянына қарағанда, Бибaryстың соншама байлыққа құмартпағанын, өтті-кетті кездердегі не өз тұстастары сықылды өзіне, баласына не әлдебір ашынасына арнап зәулім сарай салдырмаганын, қарабасына күнделікті

қажетінен артықты жинамағанын көреміз. Яғни, “Алтын көрсө, періште де жолдан таяды” деген мәтел Бибaryсқа келгенде адыра қалыпты. Халық оны осынысы үшін-ақ өулие тұтыпты.

Іә, Бибaryс Каирда ұзындығы 108, ені 105 метрлік, сөні әлемге мәшhүр медресе-мешіт салдырады. Содан бергі жеті жүз жылдан бері сөн-сөүлеттің жоғалтпай тұрған осы медресе-мешіт әлі күнге біршама жақсы сақталғанымен қайран қалдырады. Тарих бетіне үңіле қарасақ, бұл мешіттің көрменең азабы жоқтығын байқаймыз. Маңдайшасында: “Осы шатырды салдырган мұсылмандар мен ислам дінінің тірері сұлтан әз-захыр Бибaryс” деген әдемі жазуы әлі күнге сақталған, әлемдік сөүлет қорына тіркелген осы бір таңғажайып ғимаратқа ең өуелі Мысыр тағына 1517 жылы отырған османдық паша Мұхаммед Әли зәрін төгіп бақты. Өйткені, ол мамлюктерді аса жек көріп, аяусыз қыргандардың бірі еді. Ол Бибaryс салдырган медресе-мешітті сабын жасайтын зауытқа айналдырыды.

Бұдан кейін Мысырға басып кірген француздар медресе-мешітті әскери гарнizonға айналдырыды. Ал Мысырға ағылшындар кірген кезде мұны мал соятын қасапханаға айналдырган еді. Алайда, тағдырдың небір тәлкегіне төтеп берген медресе-мешіт әлі күнге жақсы сақталған деуге болады. “Діннің тірегі” аталған Бибaryстың көзіндегі болып, еңселе күйін жоғалтпаган күйінде.

Міне, көріп отырғанымыздай, Бибaryс өтті-кетті тарихымызда байлық кумаған, халық қамын ойлаумен өткен бірден-бір, сирек ұшырасатын Әмірші. Ол: “Әмірдің байлығы – қарабасынікі, елдің байлығы – халықтікі” деген кафиданы Әміріне киелі тұмар етіп өткен жан. Әмірші, сұлтан, хан, патша атаулыда екінің бірінің басына қона бермейтін, бұйыра бермейтін осы қасиеті баршаны өзіне табындырумен өтті. Құл бол жүріп, батыр атанып, әйгілі қолбасшы, кейін сұлтан бол ғұмыр кешіп, өулие бол Әмірден өткен кісіні сұрасаңыз, халық ең өуелі оның есімін атапты. Бұрын Мысыр тағына отырған сұлтандар әрі кетсе, бес-алты жылда алмастырылып, оған көнбекені өлтіріліп отырса, Бибaryс табандаған он жеті жыл бойы халқын тамсандырып, табындырып, танқалдырып жүріпті. Сонына мәңгілік өшпес із, өлмес данқ қалдырыпты.

Ескі шежіре баяндармен танысада оның тындыған істеріне қарап отырып, сұңғыла саясаткер, тамаша психологияның аңғару да киын емес. Тәж киіш, таққа жайғасысымен ол өзіне ақылман етіп, жаңына бүрінгі ата даңқымен жүрген бос белбеу, бозөкпе біреулерді емес, соғыста, ел басқаруда қарапайым халық арасынан шыққан, әділ, көкірек көзі қереген данагөйлерді тауып, жинаиды. Әсіресе, өзіне тірек боларлық ақылман қыпшақтарға арқа сүйеп, жер мен иеліктерден мол сыйбаға тартады. Соған қарағанда, оның өз шыққан тегін анық бағамдаған кезі осы түс секілді. Сөзіміздің тағы бір айқын қорінісін оның билікке қолы жетісімен, ең өуелі басқамен емес, Алтын Орда ханы Беркемен одактасуға күш салуынан аңғарамыз. Ол таққа отырысымен Беркеге Құшарбекті келіссөзге аттандырады. Сөйтіп, Құшарбек арқылы байланыс жасап, одақ құрып, салжұқтарға, монгол қоластында қалған Армения мен Әзербайжан еліне жорыққа бірге аттануды өтініп хат жазады.

Берке де оның жіберген елшісін құшашақ жая қарсы алады. Құшарбекке қосып өзінің елшілері Арбұғыны, Үртимұраны, Ұнамасты жібереді. Сөйтіп, екеуі қол қосып, жаңағы бағыттағы монгол әскерінің қолбасшысы Құлагуға қарсы жорыққа аттанады. Ойлағандарындай Құлагуды тас-талқан етіп жеңіп шығады. Бұдан кейін де екеуі талай жорыктарда қол қосып, жеңіс салтанатын бірге тойлайды.

Бибaryстың тұсында Мысыр көптеген елдермен елшілер алmasып, саяси, экономикалық, мәдени байланыстарды түбекейлі бекітті. Алайда, Biбarys ең өуелі басқамен емес, Алтын Ордамен осынша достық одақ құруға неге құштар болды деген сұрап тууы өбден занды. Тарих бетінде бұған берілген нақты жауап жоқ. Алайда, санасты сара, көкірек көзі қереген Biбarys жадында сәбилік шағынан сакталған бұлдыры-салдыры сөздермен және өмір тарихының беттерін елең-екшіей келе, өзінің бір кездे Алтын Орда топырағынан екендігін, сонымен бірге, Атырау, Жайық, Еділ төңірегіне монголдар мен хорезмдіктердің үздіксіз шабуыл жасап, ақыры Языр тайпасымен бірге көшіп-қонып жүрген қыпшақтарды жаулап алғанын, ал өзінің өуелкіде хорезмдіктердің құлы бол, кейін Римге, сосын Мысыр еліне сатылғанын бағамдау даңқты қолбасшы, тек Мысыр

елінің емес, бұқіл Шығыс, Араб елдерінің әйгілі әміршісі атанған ол үшін аса қызын түйін бола қоймағанға үқсайды. Яғни, осыған қарап отырып, ол Алтын Орданы туған то-пырағым деп білді деген тұжырым жасауға әбден болады.

Бибaryсты бұқіл Шығыс, Араб елдерінің осыншама дә-ріппеп, осыншама құрметтеуінің мәнісі неде?

Ол экономикалық жағынан құлдыраудың әбден шегіне жеткен, өзге елдер алдында саяси беделден мұлдем жүрдай болған, жер бетінен енді болмаса, аты-затымен біржолата құрып кету қаупі төнген Мысырды жат жүрттықтар санауса тұрарлық қуатты елге айналдырды. Экономикасын, саясатын ғана емес, әскери қуатының терезесін сол кездегі әйгілі елдермен теңестірді. Жоқтық зардалтары, қайыршылық атымен құрып, ел сауаттанып, ғылым, білімге шындалп бет бүрды. Міне, сол үшін де Мысырлықтармен бірге бұқіл Шығыс Араб елдері оның есімін өз тарихтарына алтын әріпен жазып қалдырды.

Сол кездің көрнекті тарихшыларының бірі Вильгельм Трипольский: “Бибaryс – жауынгерлік жағынан Гай Цезармен терезесі тен тұратын қаһарман” деген баға берген-ді.

Іә, Бибaryстың женісті жорық жолдарының Цезармен көптеген үқастықтары барын ешкім жоққа шығара алмайды. Бірақ бұл Бибaryска берілген бағаның бір жақ қана қыры деп қабылдауымыз лазын. Өйткені, шындалп қарасақ, тарихта екеуі бір-бірін қайтalamайтын екі басқа тұлға. Екеуінің әлемдік тарихи даңқ тұғырына көтерілу жолдары да мұлдем үқсамайды.

Юлий Цезарь сол кездегі әлемде ең қуатты елдің бірі деп саналатын Рим империясының әйгілі әміршісі, баласы жоқ, нағашы ағасы Цезарь Октавияның тәрбиесінде өсті. Октавия оны білімге еркінше сусынданып, қаршадайынан мемлекет басшылығына, әскери қолбасшылыққа, жez тандай шешендікке шарға салған болаттай шындалп өсірді.

Ал Бибaryстың “білім” алған мектебі – азапты өмірі мен өзі тектестердің ортасы ғана. Аяғынан енді-енді қаз тұрып, тілі енді ғана шығар-шықпаста “құлағы тесік, қара табан құлға” айналған оның тарихта соншама тарлан тағдырлы із қалдыруы бір Алланың құдіреті мен пейілінің құлағаны демегенде не дерсін!.. Тозаң тұнып, жер жарапғалы қат-кабат

тарих соктағында Бибарыс тағдырлы жандар санасаң саусағыннан аса қояр ма екен!..

Цезарды бүгінде бүкіл өлем біледі. Құдайға шүкір, ол туралы қазак жұрты да бірдене սұрай қалсаңыз жатқызып өргізеді. Ал жат жұрттықтар атын аңызға айналдырып, өзін нұр сыйпатты әулие санаған қандасымыз Бибарысты біздер, өзіміз қаншалықты білеміз?..

Сау көнілді сал қылып, жүректі жеміретін жері де осы...
Осы сауал...

* * *

Бибарыс өмірінің соңы да сырлы жұмбаққа толы. Ол өмір бойы: “Иттен арыстанға айналғаннан қорықла, арыстаннан итке айналғаннан қорық!” дегенді бұлжымас құран сөзіндей ұстанып өткен-ді. Қатал өмір, қайрымсыз тіршілік билікке, атак-абыройға қол созғандардың бәріне осы қағиданы еріксіз мойындаратын алмағайып заман еді ол кез. Ол ғұмырының соңында осыған тағы бір қайыра көз жеткізіп өткенге үқсайды. Өйткені, өзімен өмір бойы бірге жүріп, атак-абыройға ие болған, мұның жиырма төрт кенесшісінің құрамына кіріп, беделді би атанып жүрген Барат, Тұрпан, Шамұраттар енді өздері де таққа көз сүзіп, көңілдерін құрт кеулегені соншалық, реті келсе, Бибарыстың өзін құрбандыққа шалып жіберуге шіміркпейтін пигылдарын анғартып алды. Өйткені, ел сұлтанының алтын тағы мен тәжіне отыруға да бар болғаны қол созым қалып тұрган-ды.

Олар әуелі керемет бір жымысқылықпен Бибарыстың ұлын өлтіріп тынды. Тек Бибарыстың қарабасына келгенде ғана қолдары қалтырап, тәуекелдері жетпей койды. Бибарыс та қолмен ұстап ала алмаса да, олардың жат пиғылын сезіп жүрді. Өзі оларды “иттен жолбарыс” жасап еді, енді олар өздері “жолбарыстан итке” айналды. Әйтсе де, мұндай сатқындықтың ғұмырында талайын көрген ұлы сұлтан олардың бала-шағасына залал жасамады. Жат пиғылды бұрынғы үзенғілестерін бір-бірлеп құртты. Әуелі қимылына көз ілеспейтін шашаңдығымен “мысық” атанған Шамұраттың көзін жойды. Мұның мензеуімен Тұрпан “көпшілкке тұншығып” өлді... Бір кезде ең сенімді досы болған Баратқа өзге жиырма үш кенесшінің алдында қара

құл күміс кесеге у араласқан шарап әкелді... Барат кеседегі кесірлі суды сезді. Бибaryс оған “іш” деп те өмір етпейді. Бірақ оның жебедей қадалған жанарынан өзінің пигылы мен қылығына орай келген жаза екенін үкқан Барат улы шарапты сарқа сіміріп салды да, сұлық құлады. Оның жаны қеудесінен бұл-бұл ұшқан сәтте ұлы сұltан тап сол кесеге өзі толтыра шарап құйып ішті де, сыртқа шығып, бақ ішін кезіп кетті...

Қайтып оны жан баласы көрген жоқ... Көктен түскен ғайыптай ұшты-құйлі жоғалды...

Бұл – 1257 жыл еді. Бибaryстың әлі қартаймаған, тұғырында, бабындағы шағы-тын. Бар болғаны елу төртке қараған, яғни, ел басшылығына нағыз кемелденген кезі еді. Сөйтеп тұра ол неге сондайға барды?.. Бір Алла мен өзіне ғана аян жағдайда қайда жоғалды?..

Ел сабылды: жерден іздеді – таппады, көктен іздеді – таппады...

Сонда қайда кетті?

Мүмкін, қыран тұлға сол өзі көтерілген шырқау биіктे жүріп бұл фәнимен қоштасуды қалады ма?

Олай болса, мұратына жетті. Тек алтын тақ пен алтын тәждін көз тұндырып, бас айналдырар сыйқырын тәрк еткен алғашқы сұltанның қай жерде, қашан, қалай бақылыш болғанын ешкім көрген де, білген де жоқ. Мұның өзі оның әулиелігін, атақ-абыройын бұрынғыдан да аспандатып әкетті.

Бүгінде біреулер оның қабірін Дамаскіде дейді...

Енді біреулер Әл-Каҳриде (Каирде) дейді...

Тағы біреулерді тындасаныз, айналасын торлаған сатқындықтан көңілі біржолата қарайған ол атақ-абырой, тек пен тәждін бәрін тәрк қылып, тұған топырағы Үстіртке оралып, монгол шапқыншылығынан азып-тозып, әбден зәбіржапа шеккен жұртын бастап Ібір-Сібірге қарай ауып кеткен екен деседі...

* * *

Жоғарыда біз аты, атақ-абыройы жалпақ әлемнің аузының сүйн құртқан ұлы сұltан туралы кезінде қолына қалам ұстағандардың бәрі дерлік жазды дедік. Бұл Каирде

жинақталған кезде шамамен елу томнан асады екен. Бәрі де араб тілінде сақталған. Орысшаға аударылғаны – бес-алты кітап. Сол аудармалардың ішінде бізге аса құндысы әйгілі сұлтанның хатшысы Мұхни-ад-Дин Ибн Әбд әз-Захир жазған “Бибарыстың өмірнамасы”. Бұл кісі Алтын Ордаға келді ме, келмеді ме – ол арасы белгісіз, алайда, сол кезде Алтын Орда мен Мысырдың қарым-қатынасы, байланысы жақсы болғандығын жете пайдалана отырып, Бибарыстың шыққан тегін жете зерттегені айқын байқалады. Ол “Бибарыс Алтын Ордамен байланысып қана қойған жоқ, ол Еуропаны, Шығысты Монғолдардың біржолата жалмап жұтып жіберуінен құтқарып, тендессіз қаһармандық көрсетті” деп жазады өз кітабында.

Оның жазуынша, Бибарыстың руы Он екі ата Байұлының Беріші. Әкесінің ныспы – Жамақ, шешесінің ныспы – Эйек. Бірінші әйелінің ныспы – Тәжбакыт, екінші әйелі Алтын Орда ханы, өзінің кезінде қатты сыйлас болған Беркенің қызы Фазия. Кезінде Қалуынның қолынан мерт кеткен балалары – Сайд пен Мұхаммед осы Фазиядан туған. Үшінші ұлының аты Ахмед. Тәжбакыттың тұнғышы. Бұдан басқа Бибарыстың жеті қызы болған. Өкінішке орай, шетінен мейірбан ұлдары атқа тақымдары тие бастаған шақтарында жогарыда баяндағанымыздай мансапқорлардың қастандығынан шейіт кете беріпті. Сөйтіп, олар Ніл мен Еділ аралығындағы ұшы-қырысyz жалпақ даланың арасында мықты одақ құртып, христиандар мен мәжусилдердің жорығын біржолата талқандап, Шығыстың терезесін Батыспен теңестірген ұлы қолбасшыны, әйгілі Сұлтанды мұрагерлерсіз қалдырып, так пен тәжді иемдену үшін осындай адам айтқысыз опасыздыққа барды. Осыны сезген Бибарыс та олардың көбінің көзін құртып үлгерді. Біз оларды өлтірген Бибарыс емес, қара ниеттеріне лайық өз қарабастарын өздері жұтқан, яғни: “жолбарыстан итке айналғандар” дер едік.

Иә, онсыз да қайғы-қасірет теңізін белшесінен кешіп өскен Бибарыс жалпақ әлемге аты жайылып, “Соғыс жеңімпазы”, “Дін қамқоршысы” атанып, дәуірлеп тұрған шағында тағы да қабыргасы сөгіле қамырықты: тұяқсыз қалды...

Бұл оның жер бетінен ұшты ~~күйі~~ Тәңір періштесіндегі ізім-қайым жоғалуының сан тарау себептерінің бірі ғана еді...

ЖАЛАҢТӨС БАҢДҮР (1576-1656)

Кезінде “Синесоф буа” (Жаны пәк жан. Парсыша), “Сейітқұл әулие”, “Бай қажы” атандып, Шығай ханның бас кенесшісі, кейін Мекке-Мәдинаға екі қайыра барып, қажы атандып, өмірінің соңын сұпылық жолға бағыштап, бұрынғы Жент, қазіргі Қызылорда қаласы төңірегінде бала оқытумен өткен Сейітқұл Тоқпанұлының ата-баба шежіресіне тоқталып жатпаймыз. Өйткені, бұл шежіре Әйтеке би ғұмырнамасында толық баяндады.

Сейітқұлдың бәйбішесінен Сейтімбет (кейде Семетей деп жазылып жүр), Матай, Телес, Ақша, екінші әйелінен Түрікпен, Дүйсеней, Кенжегұл, үшінші әйелінен жалғыз Жалаңтөс туған. Сейітқұлдың жүйрік атының бәйгесіне келген Қожамқұл, Тасырай деген “кімді” балалары да болған. Оны Сейітқұл балаларымның үлкені деп, айрықша көңіл беліл, тәрбиелеп есірген.

Бұл кезде Төртқара руы атақоныстары Сырдарияның төменгі жағында көшіп-қонып жүрген. 1581 жылы осы маңда қабағат куанышылық болып, Сейітқұл Шығай ханмен бірге Нұратта тауының шүйгінді етегіне барып қоныс табеді. Шығай ханның бас кенесшісі ғана емес, сол өнірдегі Дінмұхаммед, Әбдулазиз хандармен де аса сыйлас ғұмыр кешеді. Соның бір айғағы – Дінмұхаммед хан Жалаңтөстің жұлындаі жұтынған пысықтығына, керемет батылдығы мен қайраттылығына қызығып, он екі жасынан “өкіл әке” ретінде тәрбиесіне алады. Кейбір тарихшылар мұны Сейітқұлдың кедейлігіне байланыстырып жазғысы келеді. Бұл – мұлде қате пікір. Өйткені, Сейітқұлды жүрт “Бай қажы” деп атаған. “Оның әр сайында бір мың жылқы бар, ал неше сайы барын Сейітқұлдың өзі де білмейді екен” деген әңгіме осы кезде-ақ

тарап, бізге жетіп отыр. Ал ерте кезде сыйлас, әuletті адамдардың бір-бірінің баласын алғып, “өкіл әкес” ретінде тәрбие-леу көптеген мұсылман жұртына ортақ дәстүр екенін ескере бермейтініміз өкінішті...

Нұрата төңірегіне қоныс аударғанда Жалаңтөс бес жаста еді. Жеті жасынан бастап Самарқандағы Әмір-Темірдің әйелі Бибіханым медресесінде оқиды. Сабағына зеректігімен бірге, әкесінің сыйласы Әбдулазиз ханның қорғаушы жасақтарының түрлі өскери ойын-жаттығуларына қызығуымен өскери өмірге ынталылығын айрықша байқатады.

Жалаңтөс он бес-он алты жасында-ақ батырлығымен елді аузына қаратса бастапты. Соны баян қылатын мына бір өнгімеге тоқтала кеткен лазым.

Сол кезде Бұқара, Хиуа төңірегінен сайдың тасындағы өншең қарулы топтар келіп, қазақ қыздары мен жігітерін үрлап әкетіп, Иранға, Ауганстанға, Римге, Грек жеріне құлдық пен күндікке сатып жіберу секілді оңай олжамен айналысу-шылар көбейе бастайды. Жалаңтөс өзінің дос-жоралары мен шағын жасақтарын ұйымдастырып, әлгідей қарақшы-сауда-герлерге қарсы қайрат көрсетеді. Топырлата үстап әкеліп, сол аймақтың әмірші-біi болып отырған әкесі Сейітқұл әулиенің қолына тапсырады. Элгілердің арасында “жаздым-жаңылым” дегендеріне Сейітқұл кешірім жасап, қаталдыққа барған не бірнеше қайыра осындай жаман әдетке барғанда-рын қатаң жазалап отырады.

Ал Жалаңтөс будан кейін, өуелі шағын жасақтармен естек, жонғар барымташыларына тиым салады. Келе-келе үлкен қол бастап, қандай ұрыстарда да жеңіске жетіп, батырлығы мен қолбасшылығы ел аузында аңызға айналып жүре береді. Оның өз ғұмырында сол кездегі Орта Азия төңірегінде алмаған өскери лауазымы қалмаган-ды. Тіпті сол кезде жұз жылда ілеуде-біреуге берілетін Орта Азиядағы “Аталық” лауазымына қазақ арасында алғаш ие болған да Жалаңтөс еді.

Енді оның ұзаққа созылған данқты жорық жолдарына қысқаша болса да шолу жасап етелік.

1612 жылы Бұқара ханы Иманқұл Түркістан маңындағы қарақалпақтарға шабуыл жасайды. Әрине, ол кезде қарақал-пақтардың Иманқұлға қарсы түрарлық қауқары шамалы еді.

Жалаңтөс оларға қомекке аттанады. Иманқұл қазақтардың қарақалпақтарға қомекке аттанғанын естісімен соғыссыз келісім сұрап, Түркістан маңынан әскерін әкетеді және Жалаңтөстің қойған шарттарының бәрін орындауға келісім береді. Жалаңтөс оның түбі уәдеден шығатынына сенбей, Бұқараны шабуды ойлайды. Мұны сезген Иманқұл Жалаңтөс тұрганда өзінің хан болып ұзақ тұра алмайтынын болжап, Самарқан мен Қоқанды және осы аймақтағы үәлияттардың билігін Жалаңтөске береді. Сөйтіп, ол “әмір” атанып, Самарқан тағына отырады. Ал ағасы Ақшаны Қоқан ханы етіп жариялатады.

Бүгінде арғы-бергі шежірелерді парактап отырсақ, өзінің үш мың жарым жылдық тарихы бар Самарқан жұрты әмірлері арасында Әмір-Темір және оның немересі Ұлықбектен кейінгі даңқты әміріміз деп Жалаңтөсті мойындайтыны да қазақ жұртының бір абыройы хакында мақтаныш етуіміз әбден орынды.

Жалаңтөстің шын аты Жалаң екен. Оның аты жөнінде де екі аңыз бар. Бірінде ол “Айыртаулап!” жауға шапқанда түкті, айлапат кеудесін жалаңаш ашып тастап шабады екен. Сондықтан “Жалаңтөс” атанынты десе, екіншісінде Сейітқұлдың үшінші, кіші әйелі Нұрата төңірегіндегі алпауыт, ақ ауыз арлан қасқырдың төсіне жерік болыпты деседі. Сейітқұл сол арланның ізіне түсіп жүріп, ақыры атып әкеліп, төсін кіші әйелі үйітіп жеп, жерігін қандырган екен дейді. Сондықтан бала дүниеге келгенде атын “Жалаңтөс” атандырган болып шығады.

Сонымен, жоғарыда біз Сыр бойында көшіп-қонып жүрген Сейітқұл Шығай ханмен Нұрата төңірегіне ауып барған еді дедік. Әрине, ол хан соңынан ілесіп барған жалғыз үй жатақ емес-ті. Сейітқұлға ілесіп, оның төңірегіндегі қырық мың үй Алшын да барған болатын. Олар Жызак, Нұрата, Қызыби, Самарқан, Бұқара, Ақтау, Қызылқұм, Тамды төңірегін мекендейді. Сейітқұл сол Алшындардың және осы үәлияттардағы басқа да жүргіттың бірде биі, бірде әміршісі деп танылып, билік жүргізеді. Әділ билігі мен мен елден ерек адамгершілігі арқасында тірі кезінде-ақ өулие атанған “Синесоф буа да” уақыты жетіп дүниеден озады. Мәйіті

Нұратадағы өзінің атымен аталған “Сейітқұл әулие” қорымында. Оның орнын ешбір дау-дамайсыз, батыр, ақылды, сөзге үста, жөн-жосыққа жетік, қолбасшылық та өнері баршаны қайран қалдыра бастаған, кенже ұлы Жалаңтөс басады. Әрине, Сейітқұлдың Ақша бастаған өзге ұлдары да шетінен “сен тұр, мен атайдын!” дейтіндей өншең жұлын жүтқандар еді. Алайда, олардың бірауыздан билікті Жалаңтөске ұстатуы әулеттегі ауыз бірлік пен татулықтан қия баспайтындығын танытады.

Ал Жалаңтөс болса, кейін Иманқұл оған Самарқан және Қоқан қалалары мен сол төңіректегі үәлияттардың бар билігн берген кезде өзінің көсемдігін көрсете білді. Ол бар билік өз қолыма тиіді екен деп, жеке басшылыққа бой ұрмайды. Қоқан өнірінің басшылығын ағасы Ақшага беріп, өзі Самарқан қаласы мен сол төңіректі ғана басқарады.

Ақшаны әділ билігі үшін қокандықтар “хан” деп танығаны жөнінде деректер бар. Кітаптың соңғы жағында бұл жайында тарихи құжаттар келтірілетін болғандықтан Ақша жайын осымен шектей тұрамыз. Арада біраз жыл өткен соң ғана Ақша өзінің үлкейгендігін, біржолата сопылық жолға түсетіндігін білдіргенде барып, Жалаңтөс бұл аймақтардың билігін біржолата өз қолына алады.

1640 жылы қазақ және өзбек даласына жонғарлардың өте аумақты жорығы басталады. Оларға қарсы аттанған жасакты Жалаңтөс басқарады. Алаңсыз, бейбіт жатқан қазақтарды опонай бөрікпен ұрып аламыз деп желінің келе жатқан жонғарлар масқарасы шығып женілгені өз алдына, Батыр ханы қолға түсіп қала жаздал, зорға құтылады. Ал Батырдың кейін Жалаңтөс пен Салқам Жәңгірдің қолынан өлгені тарихи шындық.

Жалаңтөс будан кейін сыртқы жаулардың қөптеген шабуылдарына қарсы жорықтарда қолбасшылық жасайды. Ерлігі аңызға айналып, қолбасынылығы үшталған ол Ауған, Қорасан және басқа да бірқатар шетелдерге жорыққа аттанып, қисапсыз байлық пен құл әкеліп, Самарқан қаласының құрылышын көркейтуге орасан күш жұмсайды. Егескен өзге де қөптеген жауларын шауып, одан түскен байлыққа Самарқан мен Бұқара қалаларына қөптеген мәдени құрылыштар салдырады.

Жалаңтөс – Салқам Жәңгірмен айырылmas дос болып откен адам. 1643 жылы жонғарлар Жетісу аймағына күтпеген жерден шабуыл жасағанда, Самарқандағы Жалаңтөске хабар жіберіп, өзі асығыс жиналған алты жұз кіслік жасағымен елу мындық жонғар әскеріне қарсы қалай соғысқаны және артынан Жалаңтөстің әскери өнерге өбден төсөлген, нағыз сайыпқыран жиырма мындық қолы жетіп, жауды тас-талқан етіп жеңгендігі жайында бұрын-сонды орыс, қазақ зерттеушілері біршама жеткілікті жазғандықтан бұл арада оған егжей-тегжайелеп тоқталып жатуымыздың қажеті жоқ деп ойлаймыз.

Ал 1649 жылы Иранмен соғыста Жалаңтөс тарихта анызға бергісіз із қалдырып, женіске жетеді. Осы соғыста Салқам Жәңгір қазактың қырық мындық қолымен көмекке барады.

Қожамқұлұлы бектің айтуы бойынша, бұл бұрын-сонды осы аймақта болған соғыстардың ең үлкені еді. Бұхардың және қазактың біріккен жұз мындық әскеріне қолбасшылық еткен Жалаңтөстің ирандықтардың екі жұз мындық әскеріне қарсы айтулы женісі бүкіл араб, парсы, тәжік, қыргыз, түрік елдеріне аңыз боп кетеді. Оған жер-жерден керуен-керуен сыйлықтар жыл сайын ағылшып келіп жатады. Сол кездегі Жалаңтөстің өз байлығын былай қойғанда, оған әр жыл сайын келіп жататын сыйлықтың мөлшері мемлекет қазынасынан анағұрлым асып түсетінін М.Е.Массон жазған еді. Тіпті, басқаны есептемегендеге, Үнді, Тибет, Қалмақ, Қашкар, Хорезм хандықтары Жалаңтөске жыл сайын керуен-керуен сыйлық жіберуді біржолата әдетке айналдырып алды деп жазады сол кездегілер.

Ал осыншама байлықты Жалаңтөс не істеді деген сауал тууы өбден занды. Ол бұл қаржыға жоғарыда айтқанымыздан басқа, бүкіл мұсылман жұртының мақтанышына айналған “Тілә-қари”, “Шер-дор” медреселерін салдырып, ондағы оқитын шәкірттермен оларға жұмсалатын барлық шығынын өз мойнына алды. Әрі батыр, әрі би, әрі аңызға айырбастағысыз қолбасшы атанған Жалаңтөс баһадурдің ерекше құлап, көңіл бөлген ісінің бірі – сәулет өнері. Әмір-Темірге кеңес беріп, астанасын Самарқан қылған Ораз бабасының бастамасын іс жүзінде одан әрі дамытты. Самарқан сөүлеті Жалаңтөс кезінде адам танымастай құлпырды. Көздің жауын алатын зәулім ғимараттар, медреселер, мешіттер, керуен

сарайлар, хауыздар, моншалар, көпірлер салынды. Арықтар қазылып, мақта, егін шаруашылығы дамыды. Бұл бағытта ол Әмір-Темірдің немересі Ұлықбектің ұстанған бағытын өнеге тұтып, халықты сауаттандыру бағытында қолынан келгеннің бәрін істеп бақты. Сыртқы жаулардан қорғаныс үшін қала қорғанын қалындарып, оған кіретін алты аспалы көпірді кайта салдырды. Әсірсе, орталық қақла саналатын Ахани қақпасының төңірегіндегі қорғанды аттылы кісі үстімен әрлі-берлі жүре алатындағы қып қайта салды. Қақла аузын “мыңбұрым” ғып (лабиринт) өзгертуі. Бұл сырттан кірген жат ойлы жаның ішке кіріп-шыға алмауы үшін жасалған “қақпан” еді. Бұған қоса, өскери тәртіпке жетілген, соғыс үстіндегі түрлі әдіс-амалдарды еркін менгерген отыз мындық тұрақты жасақ ұсталды. Әлдеқалай шабуыл жасай қалғанда, елден қол жинағанша, бұл өскер қандай күшке де тойтарыс бере тұруға жарайтын еді. Тойтарып қана қоймай, осы күштің өзімен-ақ көп жағдайда женіске жететін. Сөйтіп, ол бастаған қол үнемі жеңіп шығыш, баһадүрдің атақ-абыроны аспандай түсетін.

Ал ол салдырган медреселер, басқа да ғимараттар сөulet тарихында өшпес шежіре қалдырды. Ол сонау Әмір-Темір кезінде әлемге әйгілі болған Шәрәфиден Әли, Жұсін Шәрәзи, Фахыр Али, ибн Арабшах секілді сөuletшілердің үлгісін одан әрі жалғастыра отырып, әлем тарихнамасы мен шежіренамасына мәңгілік жазылған “Шер-дор”, “Тіллә-қари” медреселерін салдырды. Бұл медреселерді салуга аты Орта Азияға мәшінші мұбәшір-мәмір (бас сөuletші) Абдол Даңтер мен өрнекші-шебер Мұхаммед Аббас бастаған, Шираз, Темрез, Исфахан қалаларынан небір шеберлер атсалысты. Бұл медреселерде сол кездің өзінде-ақ дін сабагымен қоса, араб, парсы, түрік тілдерімен бірге астрономия, жағырапия, математика, тарих пәндерінен дәріс берілген. Сондай-ақ Шахри-сабз қаласынан медресе салдырып, онда жарлы-жақытайлардың балаларын оқытып, оған шығатын қаржының бәрін өз мойнына алған. Ал өзіне бата беріп, ұстаздық еткен Махтум-ағзам өулие қорымын айрықша қамқорлыққа алып, онда біздің дәүіріміздің бесінші ғасырынан бастап жерленген патшалардың, ұлы ғұлама ғалымдардың, өулие-әмбиелердің көпшілігінің құлпытасын алтын әріппен қайта жаздырып, Самарқандан жетпіс шақырым жердегі Нұрата тауынан тас